



«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
2020 жылғы 23 қарашадағы  
№326 хаттама

**Сырқаттану жағдайынан ерікті сақтандыру  
ЕРЕЖЕСІ  
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ**

## **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Сырқаттану жағдайынан осы ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалды және сырқаттану жағдайынан ерікті сақтандыру талаптарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) реттейді.

2. Осы Ереженің талаптарында «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы заңды және еңбекке қабілетті жеке тұлғалармен Сақтандыру шарттарын жасасады.

3. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **амбулаториялық-емханалық көмек** – сырқаттануды, мүгедектікті және қайтыс болуды төмендетуге бағытталған іс-шаралар (алдын алу, емдеу-диагностикалық, сауықтыру) кешені;

2) **дәрігер** – жоғарғы медициналық білімі бар, мемлекеттік лицензияның негізінде немесе медициналық мекемемен/ медициналық сервистік компаниямен еңбек шартының негізінде халыққа медициналық қызмет көрсететін маман;

3) **үйлестіруші дәрігер/ отбасы дәрігері** – Сақтандырылушыларға Сақтандыру шартында анықталған медициналық қызметтердің ұсынылуын ұйымдастыратын медициналық сервистік компанияның жалпы тәжірибелік дәрігері (ЖТД)/ терапевті/педиатры;

4) **дәрігерлік құпия** – азаматты тексеру және (немесе) емдеу кезінде алынған оның денсаулығының жай-күйі, оның сырқаттары туралы ақпарат және басқа мәліметтер;

5) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

6) **диагностика** – отбасы дәрігерінің тағайындамасы бойынша анықталатын, диагнозды қою үшін қажетті шаралардың кешені (зертханалық және құрал-саймандық зерттеулер, мамандардың кеңестері, клиникалық зерттеулер);

7) **сырқат** – функционалдық немесе (және) морфологиялық өзгерістермен шарттасатын, Сақтандырылушы ағзасының қалыпты қызметінің бұзылуы;

8) **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырылушы болып негізгі Сақтандырылушы және негізгі Сақтандырылушының отбасы мүшелері танылады;

9) **емдеу көрсеткіштері** – белгіленген диагнозы бар Сақтандырылушының сырқатының қабынуы кезінде емдеуге қажетті шаралар кешені;

10) **медициналық қызмет** – Сақтандырылушының сырқаттануына байланысты алдын алу, диагностикалау, емдеу және сауықтыру бойынша қызметтер;

11) **медикаменттер** – дәрі-дәрмектер, биологиялық белсенді қоспалар және Сақтандыру шартында белгіленетін медициналық тағайындама бойынша дәрілік емес бұйымдар;

12) **медициналық көрсеткіштер** – түрлі сырқаттарды диагностикалау, емдеу және олардың алдын алу үшін қажетті шаралардың кешені;

13) **медициналық сервистік компания** – Сақтандырушымен шарт негізінде өзіне Сақтандырушының атынан сақтандырылған тұлғаларға Сақтандыру шартында қарастырылған медициналық қызметтерді ұйымдастыруды, үйлестіруді және олардың көрсетілуін бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ медициналық қызметтердің тиісті сапасына бақылау жасау міндетін қабылдайтын заңды тұлға;

14) **медициналық мекеме** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі қызметі халыққа медициналық көмек және медициналық қызмет көрсету (емханалар, ауруханалар, клиникалар, диагностика орталықтары, диспансерлер, жедел медициналық көмек станциялары, республикалық арнайы медицина орталықтары, ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары, жеке медициналық ұйымдар) болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары болып табылатын заңды тұлғалар;

15) **дәрігердің немесе дәрігер-үйлестірушінің/ отбасы дәрігерінің жолдамасы** – Сақтандырушының/ медициналық сервистік компанияның өкілеттік берген дәрігері немесе дәрігер-үйлестірушісі/ отбасы дәрігері беретін, Сақтандырылушыға медициналық қызметтер көрсету тізбесін, көлемін және тәртібін анықтайтын, белгіленген үлгідегі құжат;

16) **өтелетін шығындар** – Сақтандырылушыға медициналық көрсеткіштеріне сәйкес сақтандыру бағдарламасы, Сақтандыру шарты аясында тағайындалған дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтердің ақысы бойынша шығындар;

17) **сақтандыру бағдарламасы** – Сақтандыру шартына сәйкес белгіленген лимиттер шегінде Сақтандырылушыға медициналық мекемелер, дәрігерлер, дәріханалар ұсынатын медициналық қызметтердің, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізбесі;

18) **профилактикалық көрсеткіштер** – болуы мүмкін сырқаттардың алдын алу үшін қажетті, оның ішінде вакцинация және алдын ала тексеру сияқты іс-шаралардың кешені;

19) **Сақтандырылушылардың тізімі** – Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын және қажеттілігіне қарай Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде жаңартылатын, медициналық сақтандыруға жататын тұлғалардың тізбесі;

20) **медициналық көрсеткіштері бойынша стационарда емдеу** – егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, қажеттілігі бұрыннан белгілі болған және Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі дәрігер анықтаған, Сақтандырылушыны Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі медициналық мекемелерде стационарда емдеу;

21) **шұғыл көрсеткіштері бойынша стационарда емдеу** – егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырылушының кенеттен сырқаттануына байланысты оны Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі медициналық мекемелерде стационарда емдеу;

22) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Шарт жасасқан және сақтандыру сыйлықақысын төлеген тұлға;

23) **сақтандыру құжаттамасы** – Сақтандырушы Сақтандырылушыға Сақтандыру бағдарламасында, Сақтандыру шартында қарастырылған медициналық қызметтерді алу үшін беретін құжат;

24) **сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар оқиға.

Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы болуға тиіс:

- оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
- оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;
- оқиға шарттың қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білді немесе алдын ала хабардар болды деген қауіптің болмауы;
- оқиғаның басталуында Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;
- оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) ерік-қалауымен және (немесе) пиғылымен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі;

25) **Сақтандырушы** - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

26) **медициналық көрсеткіштері бойынша хирургиялық операция** – қажеттілігі және оны өткізу күнін Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) дәрігері алдын

ала белгілеген және Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі медициналық мекемеде жүргізілген операция, егер Сақтандыру шартында басқалай белгіленбесе;

27) **шұғыл көрсеткіштері бойынша хирургиялық операция** – аяқ астынан жасалған және алдын ала болжанбаған хирургиялық операция;

28) **отбасы мүшесі** – негізгі Сақтандырылушының туысқаны болып табылатын, Сақтандырылушылардың тізіміндегі тұлға. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, отбасы мүшелері болып негізгі Сақтандырылушының тікелей туысқандары (негізгі Сақтандырылушының 65 (алпыс бес) жасқа дейінгі ата-анасы және (немесе) жолдасы және (немесе) негізгі Сақтандырылушының 1 (бір) жастан 18 (он сегіз) жасқа дейінгі балалары) табылады;

29) **шұғыл медициналық көмек** – Сақтандырылушының өміріне қауіп төндіретін, сондай-ақ шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайды жоюға бағытталған медициналық іс-шаралар кешені; деятельности Департамента государственных доходов за 2019-2020 гг. и за истекший период 2021 г. согласно таможенному, налоговому и административному законодательству

30) **шұғыл көрсеткіштер** – Сақтандырылушының кенеттен сырқаттануынан болған және шұғыл медициналық көмекті талап ететін, Сақтандырылушы денсаулығының кенеттен құлдырауы.

## **1. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

4. Сақтандыру объектісі болып Сақтандырылушының сырқаттануына немесе денсаулығының басқалай бұзылуына байланысты дәрігерлерге және (немесе) медициналық мекемелерге Сақтандыру шартында белгіленген көлемде және талаптарда медициналық қызметтер алуымен туындайтын шығындарды төлеуге қатысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүдделері табылады.

## **2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

5. Сақтандыру жағдайы болып Сақтандырылушының Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі ішінде жіті сырқаттануы, созылмалы сырқаттарының қабынуы, жарақаттануы кезінде дәрігерлерге немесе медициналық мекемелерге қаралуы және осыған байланысты Сақтандырылушының Сақтандыру бағдарламасына, Сақтандыру шартына сәйкес оған көрсетілген қызметтер бойынша шығындарының туындауы танылады.

6. Сақтандыру жағдайының басталуын, сонымен қатар ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

7. Осы Ережеге сәйкес Сақтандырылушының төмендегілер салдарынан болған шығындары сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

1) соғыстар, басып кірулер, шет мемлекеттердің дұшпандық әрекеттері, әскери немесе оған ұқсас операциялар (соғыстың мәлімделген, мәлімдемегеніне қарамастан) немесе азаматтық соғыстар;

2) барлық түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, бүліктер, локауттар, халықтық ереуілдерге, бүліктерге, азаматтық толқуларға дейін ұлғаятын немесе оған ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер, әскери бүліншіліктер, төңкерістер, әскери басып алулар немесе билікті тартып алу, мүлікті тәркілеу, реквизициялау немесе ұлттандыру, лаңкестік актілер;

3) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зарарданудың әсері;

4) Сақтандырылушының (Пайда алушының) алкогольмен, уландырғыш заттармен немесе есірткімен мас кезінде немесе дәрі-дәрмектің немесе психотропты заттардың әсерінде болған кезде жасаған әрекеттері;

5) табиғи катаклизмалар: жердің сілкінуі, су тасқыны, сел, дауыл, торнадо және т.б.;

6) техногендік апаттар: зауыттарда улы заттардың жарылуы және ағып кетуі, тұрба құбырларының жарылуы немесе апаты, әуедегі апаттар, поездардың қирауы, кемелердің қирауы және т.б.;

7) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына не оның басталуына сеп болуға бағытталған қасақана әрекеттері, бұған қажетті қорғаныс және ерекше қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттер кірмейді;

8) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының белгіленген заңнамалық актілердегі тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған әрекеттері.

8. Егер Сақтандыру шартында және (немесе) Сақтандыру бағдарламасында басқалай қарастырылмаса, мына тұлғалар сақтандыруға жатпайды:

1) кез келген сырқат бойынша I - II топ мүгедектер, бала кезінен мүгедектер;

2) наркологиялық, жүйке-неврологиялық, онкологиялық, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұратындар;

3) СПИД-пен немес туберкулезбен ауыратындар.

9. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіздеме бола алады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы қасақана жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тергеуге және ол келтірген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

4) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы/ уақтылы хабарламауы;

5) егер Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен, оларды емдеуге денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында тыйым салынатын, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар және айналасындағыларға қауіп келтіретін сырқаттардың тізбесіне кіретін сырқаты болса;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа жағдайлар.

10. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартын жасасу сәтіне Сақтандырылушыда осы Ереженің 8-тармағында және 9-тармағының 5)-тармақшасында көрсетілген, бұрын диагнозы қойылған сырқаттарының болғаны туралы ақпаратты бұғу фактісі анықталған кезде, ондай тұлғаларға қатысты жасасылған Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылады, бұл ретте олар бойынша сақтандыру сыйлықақылары кері қайтарылмайды.

11. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырылушыға Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі ішінде осы Ереженің 8-тармағында және 9-тармағының 5)-тармақшасында көрсетілген сырқаттарға диагностика қойылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушының осы сырқат бойынша тартқан шығындарын, тек амбулаторлық-емханалық жағдайларда диагноз қойылған сәтке дейін және Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес не оның барысында сырқаттың диагнозы бірінші рет қойылған шұғыл және (немесе) емдеу көрсеткіштері бойынша стационарда емдеу курсы аяқталғанға дейін ғана өтейді. Мұндай Сақтандырылушыға қатысты Сақтандыру шарты өзінің әрекетін жалғастырады. Бұл ретте осы Ереженің 8-

тармағында және 9-тармағының 5)-тармақшасында көрсетілген сырқаттарды емдеу бойынша одан әргі шығындар өтелмейді.

12. Сақтандырушы төмендегілер үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) жанама коммерциялық шығыстары, шығасылары (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұл), уыстан шығарылған пайда түріндегі залалдары;

2) моральдық шығын;

3) сот шығыстары

4) Сақтандыру шартында, Сақтандыру бағдарламасында қарастырылмаған медициналық қызметтер.

13. Егер Сақтандыру шартында және (немесе) Сақтандыру бағдарламасында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) мына шығындары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі жауапкершілікті көтермейді:

1) ремиссия сатысындағы (қабынудан тыс) созылмалы сырқаттарға диагностика қою және емдеуге байланысты медициналық шығындар;

2) мына сырқаттарға диагностика қою және оларды емдеуге байланысты шығындар:

- егер Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен, оларды емдеуге денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында тыйым салынатын, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар және айналасындағыларға қауіп келтіретін сырқаттардың тізбесіне кіретін инфекциялық аурулар, оның ішінде: ВИЧ-инфекция (СПИД), туберкулез, бруцеллез, безгек, алапес, оба, тырысқақ, сары қызба, геморрагиялық вирусты қызба, іш сүзегі және паратифтер, аусыл, құтырма, лептоспироз, листериоз, туляремия, эхинококкоз, иерсиниоз, сальмонеллез, риккетсиоз, кене энцефалиті, дизентерия, сібір жарасы, дифтерия, көкжөтел, қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит, вирусты гепатит;

- туа біткен, тұқым қуалайтын аурулар және дамудың кемістігі, баланың церебралды сал ауруы;

- инфекциялық менингит, басқа инфекциялық аурулар, оның ішінде, ошақта санитарлық-эпидемиологиялық шараларды, карантин қоюды, жіті респираториялық аурулардан басқа, байланысқан тұлғаларды бақылауды талап ететін аурулар;

- микоздар, ауыз қуысындағы шырыш қабаттарындағы микоздарды қоспағанда, ЛОР-органдарының, өкпе микозы, асқазан-ішек кандидозы, зәр-жыныс микоздары;

- ішек аурулары: дисбактериоз және (немесе) целиакия, спецификалық емес жара колиті, Крон ауруы, созылмалы энтерит;

- түріне және нозологиясына қарамастан, паразитоздар және (немесе) гельминтоздар, оның ішінде, демодекоз;

- эндокрин жүйесінің аурулары: тиреоидиттерді қоспағанда, қалқанша безі аурулары, глюкозаға төзімділігінің бұзылу синдромы, I - II түрдегі қант диабеті, қантсыз диабет; феохромоцитом, Аддисонов ауруы; гипофизарлы нанизм, созылмалы гипокортицизм;

- IIБ - III кезеңдегі қан айналымының жетімсіздігімен жүрек қан тамыры созылмалы аурулары (НҮНА бойынша 3, 4-кезеңдер);

- несеп-жыныс жүйелерінің аурулары: жіті және созылмалы простатит, этиологиясына қарамастан, қуықасты безінің аденомасы, жатыр мойнының жарасы (оның ішінде псевдоэрозия, лейкоплакия), бүйректердің поликистозы; ана безінің поликистозы; созылмалы гломерулонефрит, бүйректердің амилоидозы, нефроангиосклероз, гидронефроз, бүйректер мен жыныс-несеп жолдарының туы біткен аномалиялары, кез келген түрдегі энурездер, бүйректердің III – V сатыдағы созылмалы аурулары;

- бауыр аурулары: бауыр циррозы, созылмалы гепатиттер, стеатогепатоз;

- тыныс жолдарының созылмалы аурулары: бронх демікпесі, бронхоэктатикалық ауру, ХОБЛ (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы), өкпе эмфиземасы, диффузды

пневмофиброздар (фиброзды альвеолиттер) және гранулематоздар, өкпе саркоидозы, пневмококиоз; 2-3-сатыдағы тыныс жетімсіздігімен өкпенің басқа созылмалы аурулары;

- орталық және перифериялық жүйке жүйесінің аурулары: ми қан айналымының бұзылуынан кейінгі жағдай және оның салдары; гепатоцеребралды дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы), жүйке жүйесінің демиелиниздейтін аурулары;

- тамыр аурулары: аяқтағы тамырлардың варикозды кеңеюі, варикоцеле, тік ішектің тамырларының варикозды кеңеюі (геморрой) және олардың асқынуы (тромбоз); аневризма, Такаясу ауруы (спецификалық емес аортоартериит), Бюргер ауруы (облитерирлық тромбангиит), облитерирлық эндоартериит, облитерирлық атеросклероз, Вегенер синдром;

- созылмалы тері аурулары: псориаз, нейродермит, атопикалық дерматит, аллопеция, туы біткен ихтиоз, витилиго, безеу ауруы, сондай-ақ оның нозологиясына қарамастан, теміреткінің кез келген түрі/ нысаны;

- ДБСТ (біріктіретін тіндердің диффузды аурулары); дерматомиозит, Шегрен синдромы, жүйелі склеродермия, Шарп синдромы, Рейтер ауруы, ревматизм; ревматоидты артрит; жүйелі васкулиттер: Вегенер гранулематозы, түйінді периартериит; Бехтерев ауруы, СКВ (жүйелі қызыл жегі);

- қозғалыс аппараты аурулары: остеопороз, созылмалы остеомиелит, созылмалы артрит және кез келген этиологиядағы артроздар, өкше сүйек сүйелі және басқа остеофиттер, түйе табан, остеохондроз, бұлшық ет тоникалық синдромымен ілесеін жағдайларды қоспағанда, дегенеративті-дистрофикалық ауруларды хирургиялық емдеу (жарықтар, протрузия);

- ми қан айналымының созылмалы жетімсіздігі: энцефалопатиялар (дисциркуляторлы, перинаталды және т.б.), бас сүйегі ішілік гипертензия, дистонияның кез келген түрі (вегетотамырлы, нейроциркуляторлы) және олардың салдары, мына қызметтерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының санына тәуелсіз:

- шұғыл көрсеткіштер болған кезде жедел медициналық көмек бригадасының шығуы,
- невропатологтың кеңесі,
- физиотерапевтің кеңесі,
- лимиттің шегінде дәрі-дәрмек терапиясы,
- процедуралық кабинет қызметі,
- шұғыл көрсеткіштер кезінде стационарда емдеу;

- көз аурулары: астигматизм, миопия және гиперметропия, катаракта, глаукома, көздерді хирургиялық (оның ішінде, лазерлі) емдеу, жіті аурулардан басқа (жарақаттар, күй, басқа заттар, көз торының ажырауы), көз алмасының биостимуляциясы, аппараттың тәсілдермен емдеу, көзілдірік таңдау;

- гиперпластикалық процестерді хирургиялық емдеу;
- емдеу көрсеткіштері бойынша жарықты (қысылмаған шап, кіндік, вентралды, операциядан кейінгі) емдеу.

3) жаңа өскіндерге диагностика қою және емдеуге байланысты медициналық шығындар;

4) пластикалық және қалпына келтіру хирургиясына байланысты медициналық шығындар, қысылған жарықты хирургиялық жолмен емдеуге байланысты пластиканы қоспағанда;

5) оқуға, мектепке дейінгі балалар мекемесіне және мектепке, жұмысқа немесе әскери қызметке, спорттық шараларға қатысу, басқа мемлекетке шығу үшін рұқсат алуға, көлік құралын басқаруға, қару ұстауға рұқсат алуға, әскери қызметті кері шегеруге немесе одан босатуға, спорт (сауықтыру) ұйымдарына, шараларына қатысу үшін анықтама алуға бағытталған медициналық комиссиялардан (медициналық тексерулерден) өту бойынша медициналық шығындар;

6) оны жүргізу жіті жарақаттар кезінде қажет болған жағдайларды қоспағанда, косметикалық және емдік мақсаттағы ринопластиканы қоса алғанда, косметологиялық

емдеудің кез келген түрімен және түрі мен дене кемістіктерін түзеуге байланысты медициналық шығындар;

7) іштегі нәрестені алып тастау анасының өмірін құтқару үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, стерилдеу немесе жүктілікті үзумен байланысты медициналық шығындар;

8) Сақтандырылушының өмірін сақтау мақсатында күйік кезінде теріні трансплантациялауды қоспағанда, протезеу, трансплантациялау және имплантацияның кез келген түрімен байланысты медициналық шығындар;

9) емдеудің бұл әдісі Сақтандырылушының өмірін сақтау үшін қажетті жағдайларды қоспағанда, аутогемотерапия, ішекті суару және інжу ваннасын қоса алғанда емдеудің экстракорпоральды түрімен (гемодиализ, плазмаферез, гемосорбция, қанның УФО, қанды лазер сәулесімен емдеу және т.б.) байланысты медициналық шығындар; сондай-ақ гипербариялық оттектеумен (ГБО) байланысты медициналық шығындар;

10) дәстүрлі емес диагностика қою және емдеу әдістері, сондай-ақ кейбір дәстүрлі әдістермен байланысты медициналық шығындар, атап айтқанда: гомеопатия, гирудотерапия, ине терапиясы, рефлексотерапия, дәстүрлі емес диагностика, дәстүрлі емес сауықтыру жүйелері, энергетикалық-ақпараттық емдеу жүйесі, мануальды терапия, сумен емдеу, балшықпен емдеу, озонды емдеу, механотерапия, тракционды емдеу, жалпы массаж, халықтық медицина (емшілік) әдістері, емдеу-сауықтыру бассейндері;

11) ангиографиямен, сондай-ақ хирургиялық араласумен байланысты медициналық шығындар: (шунттаудың, стентирлеудің барлық түрі, жүрекке жасалған кез келген хирургиялық ем: ИВР қою, радиожилік обляция және т.б.);

12) бедеулік пен белсіздікке диагностика қою, емдеумен, климактерикалық синдроммен, менструальды синдроммен, менструальды циклдың бұзылуымен байланысты медициналық шығындар;

13) урологиялық массажбен байланысты медициналық шығындар;

14) жыныс жолдарымен берілетін сырқаттарға диагностика қою және емдеуге байланысты медициналық шығындар (ЗППП): гонорея, сифилис, шанкроид, шап гранулемасы, трихомониаз, хламидиоз, микоплазмоз, цитомегаловирусты инфекция, генитальды герпес, уреоплазмоз, гарднереллез;

15) ИФА, ПЦР және РИФ диагностика әдістерімен байланысты медициналық шығындар;

16) компьютерлік томография (КТ), магнитті-резонансты томография (МРТ, ЯМРТ) әдістерімен байланысты медициналық шығындар;

17) профилактикалық мақсатта тіс шөгінділерін және тістегі тасты алу, тістерді протездеу (оған дайындықты қосқанда), қалауды, винирді дайындау және бекіту және басқа косметологиялық қызметтер, кез келген профилактикалық процедуралар, жалпы наркозбен тісті емдеу, қызылетті «Вектор» желісімен емдеу, ортодонтия, шинирлеу, стоматологиялық пластика, имплантология; гингивитті, пародонтозды, пародонтитті емдеуге байланысты медициналық шығындар;

18) психолог және психотерапевт қызметтерімен байланысты медициналық шығындар;

19) жүйке ауруларына диагностика қою және емдеумен байланысты медициналық шығындар;

20) генетикалық зерттеулер және (немесе) отбасын жоспарлау қызметтеріне байланысты медициналық шығындар;

21) Косметикалық және гигиеналық құралдар, науқастарға күтім құралдары, биологиялық белсенді қосындыларды, поливитаминдерді, гомеопатиялық препараттарды, хондропротекторларды, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасында пайдалануға тыйым салынған дәрі-дәрмектерді сатып алуға, сонымен қатар ондай дәрі-дәрмектердің салдарынан болған асқынуларды емдеуге байланысты медициналық шығындар;



22) медициналық тағайындаудың медикаментозды емес құралдарын (шприцтер, системалар, кез келген көрсеткіштер бойынша тамыр катетерлерінен басқа; шұғыл көрсеткіштер бойынша қажетті гипстер) сатып алуға байланысты шығындар;

23) жаңа есту аппараттарын, көзілдірік жиектемесін және линзаларын немесе жанаспалы линзаларды сатып алу немесе ескісін ауыстыру, протезді-ортопедиялық бұйымдарды сатып алуға байланысты медициналық шығындар;

24) салмақты және дене бітімін түзету, метаболиттік синдром, семіру және арықтау, сымбаттың бұзылуын (сколиоз, кифоз) емдеу, жынысын хирургиялық түрде өзгертуге байланысты медициналық шығындар;

25) жүктілік пен босануға диагностика қою, бақылау, асқынуды емдеуге байланысты медициналық шығындар;

26) аллергияға диагностика қою және аллергиялық ауруларды арнайы гипосенсибилизация әдісімен емдеу бойынша медициналық шығындар;

27) санаторийда, курортта емделу бойынша медициналық шығындар (оның ішінде, барып-келу, тұру және тамақтану, сондай-ақ тұру жағдайын жақсарту шығындары);

28) нәрестені 1 (бір) жасқа дейін патронаждау;

29) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа жағдайларда.

14. Сақтандыру шартында және (немесе) Сақтандыру бағдарламасында сақтандыру жағдайынан басқа ерекшеліктер және (немесе) сақтандыруды шектеулер белгіленуі мүмкін.

#### **4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ**

15. Сақтандыру сомасы – оған сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

16. Сақтандыру шартында және (немесе) Сақтандыру бағдарламасында тәуекелдің әрбір түрі не сақтандырумен өтелетін шығындар бойынша сақтандыру сомалары (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиттері) белгіленуі мүмкін.

17. Сақтандыру сомасының (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиттері) мөлшері тараптардың келісімі бойынша анықталады және Сақтандыру шартында көрсетіледі.

#### **5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ**

18. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушы Сақтандырушыға оның Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

19. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру бағдарламасы және сақтандыру мерзімі есепке алына отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен есептелетін сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілейтін, Сақтандыру шартын жасасу сәтінде қолданылатын сақтандыру мөлшерлемесіне сәйкес есептеледі.

20. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді.

#### **6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

##### **21. Сақтандырушы:**

1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен (Ережемен) таныстыруға, егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы осы Ережеге қосу жолымен жасалса, Сақтандыру ережесінің көшірмесін беруге (жөнелтуге);

2) сақтандыру туралы хабарламаны ондай хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тіркеуге;

3) сақтандыру аумағында Сақтандырылушыны сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етуге;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережеде (Сақтандыру шартында) белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық қажетті құжаттарды тапсырмаған кезде, өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде хабарлауға;

6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

7) қағаздағы нысанда ресімделген Сақтандыру шартын не басқа сақтандыру құжаттамасын жоғалтқан жағдайда, Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған Сақтандыру шартының/сақтандыру құжаттамасының телнұсқасын беруге немесе Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын Сақтанушының сұранысы бойынша жөнелтуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа міндеттерді орындауға **міндетті**.

## **22. Сақтандырушы:**

1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасқан кезде ұсынған мәліметтерге сәйкестігін тексеруге;

2) залалдың мөлшерін азайту шараларына қатысуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының аталған шараларға қатысуы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тануы болып табылмайды;

3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын өзі тексеруге;

4) олардың меншік нысанына қарамастан, тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзіреттеріне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

5) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының басталу фактісін, оның туындау жағдайлары мен себептерін, келтірілген зиян мөлшерін белгілеу үшін қажетті, осы Ереженің 10-тарауында көрсетілген құжаттарды талап етуге;

6) Сақтанушыға Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде жазбаша хабарлама жібере отырып, құзіретті органдардың деректері және құжаттары негізінде барлық жағдайлар анықталғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді кері шегере тұруға;

7) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе оның мөлшерін азайтуға не ол туралы Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) жазбаша хабардар етіп, оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауға;

8) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

9) сақтандыру тәуекелінің деңгейі артқан жағдайда, Сақтандыру шартының талаптарын қайта қарастыруға, оның ішінде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;

10) Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзінің міндеттерін орындамаған жағдайда, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуды және ондай бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

11) олардың меншік құқығына қарамастан, тиісті уәкілетті органдардан, ұйымдар мен медициналық мекемелерден Сақтандырылушы денсаулығының жай-күйі туралы ақпараттар сұратуға;

12) Сақтанушыны және (немесе) Сақтандырылушыны хабардар ете отырып, дәрігерлер мен медициналық мекемелердің тізімін өзгертуге;

13) егер Сақтанушының Шартты жасасу кезінде сол Сақтандырушы және оның денсаулығының жай-күйі туралы қасақана жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, сондай-ақ егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Шартты, сақтандыру карточкасын басқа тұлғаға оның медициналық қызметтерді алуы мақсатында берген жағдайларда, белгілі бір Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру төлемінен бас тартуға және (немесе) Сақтанушы шартын бұзуға;

14) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырылушыны медициналық тексеруге жөнелтуге;

15) Сақтандырылушыға жазбаша негіздеме жібере отырып, сақтандыру жағдайының туындау себептерін және жағдайларын толық анықтағанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тоқтатуға;

16) Сақтандыру ережесінде (Сақтандыру шартында) белгіленген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

17) Сақтандыру ережесінде және (немесе) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте Сақтандыру шартын орындауға қатысты қосымша ақпараттарды сұратуға **құқылы**.

### **23. Сақтанушы:**

1) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру жағдайының басталу болжалдылығын және ол басталған жағдайда болжалды залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне мәлім жағдайларды хабарлауға;

2) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

3) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы ақпарат беруге;

4) осы Ереженің және Сақтандыру шартының талаптарын орындауға;

5) Сақтандырылушыны Сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға міндетті. Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы оны Сақтанушының өзі бұзған болып есептеледі;

6) сақтандыру жағдайының бегілері бар және (немесе) салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғалар басталған кезде, ол туралы Сақтандырушыға хабарлауға және осы Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде қажетті рекеттерді жасауға;

7) сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін осы Ереженің 10-тарауына (Сақтандыру шартының талаптарына) сәйкес барлық қажетті және Сақтандырушы талап еткен құжаттарды ұсынуға;

8) Сақтандыру шартының талаптары және сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;

9) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қолдануға;

10) егер ол өзгерістер Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер ететін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайлардағы оған белгілі болған өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;

11) Сақтандыру шартын жасасу кезінде дәрігерлерді және медициналық мекемелердің басқа қызметкерлерін сақтандыру жағдайына қатысты бөлігінде Сақтандырушының алдындағы құпиялылық міндетін сақтаудан босатуға келісім беруге, сондай-ақ Сақтандырылушылардан келісім алуға **міндетті**.

### **24. Сақтанушы:**

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде егер ол құпия ақпарат болып табылмаса, Сақтандырушының жылдық қаржылық есептемесімен танысуға;

2) осы Ережемен танысуға, Сақтандырушыдан Сақтандыру шарты бойынша өзінің міндеттері мен құқықтарын, сақтандыру талаптарын түсіндіруді талап етуге, осы Ереженің көшірмесін алуға;

3) қағаздағы нысанда ресімделген Сақтандыру шартын не басқа сақтандыру құжаттамасының (жоғалтқан жағдайда) телнұсқасын алуға немесе ол Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсеткен Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайтадан алуға;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тексеру барысымен танысуға;

5) осы Ережеде (Сақтандыру шартында) белгіленген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

6) Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте Сақтандырылушылардың тізімін өзгертуге;

7) Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарға **құқылы**.

#### **25. Сақтандырылушы:**

1) дәрігерлерге, медициналық ұйымдарға және басқа уәкілетті тұлғаларға Сақтандырушыға оның сұранысы бойынша сақтандыру жағдайының себептерін тексеру үшін қажетті құжаттарды (анықтама, қорытынды және т.б.) беру уәкілеттігін беруге;

2) медициналық қызметтер алған кезде Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның), емдеуші және қараушы дәрігерлердің нұсқауларын орындауға, медициналық мекеменің күн тәртібін сақтауға;

3) Сақтандырушы (Сақтанушыға) егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген жағдайлардағы оған мәлім болған өзгерістер туралы кідіріссіз хабарлауға;

4) егер Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізімінде көрсетілмеген дәрігерлерге немесе медициналық мекемелерге қаралу қажеттілігі туындаған кезде не шұғыл көрсеткіштер бойынша қаралу кезінде Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімде Сақтандырушыға (медициналық сервистік компанияға) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

5) сақтандыру құжаттамасының сақталуын қамтамасыз етуге және оны басқа тұлғаларға олардың Сақтандыру шартында қарастырылған қызметтерді алуы мақсатында бермеуге;

6) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері және салдары, келтірілген залалдың сипаты және мөлшері туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретін барлық қолында бар ақпаратты, оның ішінде медициналық құжаттарды беруге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа міндеттерді орындауға **міндетті**.

#### **26. Сақтандырылушы:**

1) Сақтандыру шартында қарастырылған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтерді көрсетуді талап етуге;

2) Сақтандырушыға сақтандыру құжаттамасын алу үшін (жоғалтқан жағдайда) жолығуға **құқылы**.

27. Осы тарауда мазмұндалған тараптардың құқықтары мен міндеттері түпкілікті болып табылмайды, тараптардың кейбір міндеттері осы Ереженің басқа бөлімдерінде қарастырылған және Сақтандыру шартында өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін. Сақтанушының, Сақтандырылушының және Сақтандырушының осы Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ІШІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ**

28. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) кідіртпей, өзіне белгілі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген жағдайлардағы маңызды өзгерістер туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті. Сақтандыру шартында басқа мерзім қарастырылуы мүмкін.

29. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды болып танылады:

- 1) сақтандыру аумағы өзгергенде;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) тұрғылықты жері ауысқанда;
- 3) Сақтандырылушылардың тізімі өзгергенде;
- 4) Сақтанушының (заңды тұлға және т.б.) шаруашылық қызметі өзгергенде, қайта құрылғанда немесе таратылғанда;
- 5) сақтандыруға жазған өтініште және Сақтандыру шартында көрсетілген мәліметтер мен деректемелер өзгергенде.

30. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдайлар туралы хабарланған Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және (немесе) көлемі артқан сақтандыру тәуекелін сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

31. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгеруге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған нормаларға сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

32. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 28-тармағында қарастырылған міндеттерін орындамаған кезде, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

33. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдайлар жоғалған кезде Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

## **8. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ**

34. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыруы мүмкін оқиға басталған кезде, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Сақтандырылушының өкілі) дереу не Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде, хабарламаны жіберген күнін белгілеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен, орын алған оқиғаның орнын, уақытын және жағдайларын көрсетіп, ол туралы Сақтандырушыға (медициналық сервистік компанияға) хабарлауға міндетті.

35. Сақтандыру бағдарламасында және (немесе) Сақтандыру шартында қарастырылған медициналық қызметтерді алу үшін Сақтандырылушы медициналық сервистік компанияға жүгінуге және алынған нұсқауларға сүйенуге міндетті.

36. Сақтандырылушы медициналық сервистік компанияға жүгінген кезде, өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттар болуы тиіс.

37. Медициналық қызметтер Сақтандырылушыға Сақтандыру шартында және (немесе) Сақтандыру бағдарламасында белгіленген талаптарда, медициналық мекемелерде көрсетілетін болады.

38. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға (медициналық сервистік компанияға) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде, осы Ереженің 10-тарауында көрсетілген немесе Сақтандыру шартында қарастырылған, сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдың мөлшерін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

39. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайы бойынша барлық одан әргі ақпаратты Сақтандырушыға хабарлауға және қажетті көмекті көрсетуге, сондай-ақ Сақтандырушыға оның сұранысы бойынша коммерциялық және (немесе) дәрігерлік кұпиядан тұратын, сақтандыру жағдайымен байланысты мәліметтерді хабарлауға міндетті.

40. Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы барлық жағдайларда, Сақтанушы немесе Сақтандырылушы оны жасаған-жасамағанына қарамастан, хабарлауға құқылы.

41. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы ақпараттың болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етуі мүмкін болмағаны дәлелденбеген болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

## **9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

42. Сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтандырушыға Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) тиісті талабын дәлелдейтін құжаттарды қоса тіркеп, жазбаша нысанда ұсынады.

43. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру төлемі туралы өтінішке мына құжаттар бірге тіркеледі:

1) Сақтандыру шартының (сақтандыру құжаттамасының) көшірмесі (оның телнұсқасы);  
2) медициналық сервистік компанияның/ медициналық мекеменің немесе Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі дәрігердің Сақтандырылушының тегі және оның медициналық қызметтерге жүгінген күні көрсетілген шоттарының түпнұсқалары;

3) диагноз, емдеу мерзімі, күндерімен құнына бөлініп көрсетілген, көрсетілген қызметтер тізбесі, Сақтандырылушыға емдеу барысында тағайындалған және (немесе) берілген дәрі-дәрмектердің тізімі, Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі дәрігердің зертханалық зерттеулерден өтуге берген жолдамалары/рецептері көрсетілген медициналық құжаттар және Сақтандырылушының медициналық көмекке жүгіну сәтіндегі денсаулығының жай-күйі, қойылған диагноз, жүргізілген манипуляциялар және емдеу туралы мәліметтерден (медициналық шығындардың калькуляциясы) тұратын медициналық құжаттардың (медициналық рапорт/қорытынды) түпнұсқалары;

4) рецептердің, шоттардың, фискалды түбіртектердің, медициналық және Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өтелетін басқа қызметтердің ақысына квитанциялардың түпнұсқалары – Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық қызметтердің құны өтелетін кезде;

5) сырқаттану тарихынан үзінді көшірме, Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізіміндегі емдеуші дәрігердің медициналық қорытындысы және алынған медициналық қызметтерді және ұсынылған қызметтер бойынша шығарылған шығындарды растайтын басқа құжаттар.

44. Егер олардың болмауы салдарынан сақтандыру оқиғасының мәртебесі туралы шешім қабылдау, сақтандыру оқиғасының себебін және (немесе) салдарын, залалдардың мөлшерін анықтау мүмкін болмаса, сақтандыру жағдайын тексеру мақсатында Сақтандырушы (медициналық сервистік компания) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан, Пайда алушыдан) және күзіретті органдардан сақтандыру жағдайына қатысы бар қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

45. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының жай-күйі туралы шешім қабылдауға қажетті құжаттардың тізбесін дербес түрде қысқартуға және Сақтандырушының пікірі бойынша осы шешімді қабылдауға жеткілікті құжаттармен шектелуге құқылы.

46. Кейбір жағдайларда Сақтандырушы осы тараудан көрсетілмеген, сақтандыру жағдайының басталу фактісін белгілеу және залалдың мөлшерін анықтау үшін қажетті, оның ішінде, егер сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу керек болса, басқа құжаттарды сұратуға құқылы.

47. Сақтандырушыға шет тілінде ұсынылатын құжаттар аударманың дұрыстығы нотариатта расталып, қазақ немесе орыс тілдеріне аударылуы тиіс.

48. Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) талабы бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) дәрігерлік құпия болып табылатын (Сақтанушының (Сақтандырылушының) медициналық көмекке жүгіну фактілері, Сақтанушының (Сақтандырылушының) денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы және зерттеу және (немесе) емдеу кезінде алынған, дәрігерлік құпияны құрайтын басқа мәліметтер) мәліметтерді алуына Сақтанушының (Сақтандырылушының) келісімін беруге міндетті.

49. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсетіп, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайы туралы өтінішті электронды түрде жөнелткен болса, Сақтандырушы аталған анықтаманы электронды нысанда бере алады.

50. Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарастыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы өтініш берушіні жетіспейтін құжаттар туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде хабардар етуге міндетті.

51. Сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттарды ұсыну міндеті Пайда алушыға (Сақтандырылушыға, Сақтанушыға) жүктеледі.

## **10. ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

52. Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының (жауапкершілік лимиттерінің) шегінде Пайда алушыға төленетін ақша сомасы.

53. Сақтандырушы сақтандыру төлемін мына жолмен төлейді:

1) Сақтандырылушыға көрсетілген қызметтердің шығысы Сақтандыру шартында (Сақтандыру бағдарламасында) белгіленген мөлшерде, медициналық құжаттардың және медициналық сервистік компания не медициналық мекеме берген шоттардың негізінде өтеледі;

2) Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық қызметтер үшін Пайда алушының шығындары Сақтандыру шартында (Сақтандыру бағдарламасында) қарастырылған жағдайларда ондай шығындарды растайтын құжаттардың негізінде өтеледі.

54. Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырылушы, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде Сақтандырушыға кедергі жасауы;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының, пайда алушының) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде хабарламауы;

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайымен байланысты барлық қажетті құжаттарды Сақтандырушының талабы бойынша ұсынбаған жағдайда;

5) Сақтандырылушының Сақтандыру бағдарламасында және (немесе) Сақтандыру шартында қарастырылмаған медициналық және басқа қызметтерді алуы;

6) Сақтандырылушының медициналық және басқа қызметтерді Сақтандырушының (медициналық сервистік компанияның) тізімінде көрсетілмеген медициналық мекемеден алуы;

7) медициналық қызметтерді медициналық көрсеткіштері болмай алуы;

8) медициналық және басқа қызметтерді Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырылушы болып табылмайтын басқа тұлғаның алуы;

9) тараптардың келісімінде анықталған және Сақтандыру шартында (Сақтандыру бағдарламасында) қарастырылған басқа жағдайларда.

55. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешімді егер Сақтандыру шартында басқа мерзім қарастырылмаса, осы Сақтандыру ережесінің 10-тарауында қарастырылған барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

56. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау кезінде Сақтандырушы өтініш берушіге бас тарту себептерін негіздеп, егер Сақтандыру шартында басқа мерзім белгіленбеген болса, жазбаша нысанда, шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

57. Сақтандырылушыға медициналық сервистік компания/ медициналық мекеме көрсеткен медициналық қызметтердің ақысын Сақтандырушы сақтандыру төлемдерінің сомасын медициналық сервистік компанияның/ медициналық мекеменің банктегі шотына аудару жолымен төлейді. Өзара есептердің мерзімдері мен тәртібі Сақтандырушы мен медициналық сервистік компания/ медициналық мекеме арасындағы ынтымақтастық туралы тиісті шартта белгіленеді..

58. Сақтандырылушының өтініші бойынша шығындарды өтеу жағдайында, Сақтандырушы егер Сақтандыру шартында басқа мерзім белгіленбесе, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлейді.

## **11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

59. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

60. Сақтандыру шартын (бұдан әрі - өтініш) жасасуға арналған өтінім нысанын Сақтандырушы белгілейді.

61. Қағаз нысанында жасалған Сақтандыру шарттары бойынша Сақтанушы қол қойған өтініш Сақтандыру шартының Сақтандырушыда болатын данасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Электрондық нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша өтініш Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушымен ұсынылған ақпарат тізімін құрайды, бұл ретте өтінішке қол қою Сақтандырушымен белгіленген тәсілмен жүзеге асырылады.

62. Сақтандыру шарты Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалағаннан және тараптар Сақтандыру шартының барлық маңызды шарттары туралы келісімге келгеннен кейін, қағазда немесе электронды нысанда Сақтандыру шартын жасасу арқылы немесе Сақтанушыны Сақтандыру ережесіне қосып, оған сақтандыру полисін беру арқылы жазбаша түрде жасалады.

Сақтандыру шартын электронды нысанда жасасу Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электронды ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жүзеге асырылады.

Сақтандыру шартын электронды нысанда жасасқаннан кейін Сақтандырушы Сақтанушының электронды пошта мекенжайына электронды Сақтандыру шартын жөнелтеді.

63. Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасасқанға дейін сақтандыруға қабылданатын тұлғаларды (Сақтандырылушыларды) алдын ала медициналық тексеруге жөнелтуге құқылы.



Сақтандырушы алдын ала медициналық тексерудің нәтижелерін сақтандыру талаптарын және сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін анықтау үшін пайдалануға құқылы.

64. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін айтарлықтай маңызы бар жағдайлар туралы хабарлауға міндетті.

65. Сақтандыру шартын жасау және (немесе) Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттарды (мәліметтерді) талап етуі мүмкін.

66. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар оны жасасу нысанына сәйкес Сақтандырушының Сақтандыру шартына қосымша келісім ресімдеуі жолымен енгізіледі. Егер сақтандыру сақтандыру полисін беру арқылы ресімделсе, онда өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылады да, жаңа полисі ресімделеді.

67. Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, Сақтанушының Шартты жасасу мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мән-жайлар туралы жалған ақпарат бергені және Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдағаны анықталса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған салдарды қолдана отырып, Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

68. Егер Сақтандыру шартында Сақтанушының жағдайын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдаймен салыстырғанда нашарлататын жағдайлар болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ережелер қолданылады.

69. Қағаздағы нысанда жасалған Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға оның жазбаша өтінішінің негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын/ сақтандыру құжаттамасын береді. Электронды нысанда ресімделген Сақтандыру шарты Сақтанушының сұранысы бойынша ол Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсеткен Сақтанушының электронды поштасының мекенжайына қайтадан жөнелтілуі мүмкін.

Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру шартының телнұсқасын/ сақтандыру құжаттамасын жасау шығындарын өндіріп алуға құқылы, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленеді.

## **12. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ АУМАҒЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ**

70. Сақтандыру шартында көрсетілген аумақ сақтандыру аумағы болып табылады.

71. Сақтандыру шарты 1 (бір) жыл мерзімге, сондай-ақ тараптардың келісімімен, Сақтанушы өтінген өзге де мерзімге жасалуы мүмкін.

72. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып есептеледі. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғалу кезеңі Сақтандыру шартының мерзімімен сәйкес келеді.

73. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өзінің әрекет етуін тоқтатады:

- 1) Сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанда;
- 2) Сақтандырушы сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің) мөлшеріндегі сақтандыру сомасын жүзеге асырғанда;
- 3) Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өзінің міндеттерін орындағанда;
- 4) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда.

74. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа келесі жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылады:

- 1) сақтандыру объектісі тоқтаған кезде;

2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушының қайтыс болып, ол ауыстырылмаған кезде;

3) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайларға байланысты сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылғанда;

4) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

5) егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға Сақтандыру полисін беру арқылы жасалған болса, сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен ақпараттың өзгеруі;

6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын бұзуға негіз болған жағдай туындаған кезден бастап бұзылған болып саналады, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапқа дереу хабардар етуі керек.

75. Сақтандыру шарты Тараптардың бастамасы немесе келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға бастамашы болған тарап басқа тарапқа бұзу жоспарланған күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды.

76. Егер Сақтандыру шартында басқалай белгіленбесе, Сақтандыру шарты осы Ереженің 74-тармағында көзделген жағдайларға байланысты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жарнасының бір бөлігін сақтандыру әрекет еткен уақытқа сәйкес алуға құқылы.

Сақтандыру шартын осы Ереженің 74-тармағында көзделмеген жағдайлар бойынша мерзімінен бұрын бұзу тәртібі мен талаптары Сақтандыру шартында белгіленеді.

77. Сақтанушы кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

Сақтандыру шарты Сақтанушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда (Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқанда), Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын қайтармауға құқылы.

Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың шарттары Сақтандыру шартында айқындалады.

78. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын бұзылуы Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, сақтандыру сыйлықақысы (оның бөлігі) қайтарылмайды.

79. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, Сақтандырушы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

80. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде заңсыз пайда алу мақсатын ұстанса, оның ішінде оның сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін жасаса Сақтандыру шарты жарамсыз болып танылады.

### **13. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ**

81. Қосарланған сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда олардың әрқайсысымен жеке шарттар бойынша сақтандыру.

82. Қосарланған жеке сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында олардың басқа сақтандырушылардың орындағанына тәуелсіз өзінің міндеттерін дербес орындайды.

### **14. ТЕЖЕУСІЗ КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

83. Тараптар егер олар өз міндеттерін тиісінше орындау тежеусіз күш жағдайларының (форс-мажор), яғни, олардың себебінен Сақтандыру шарты бойынша тараптардың

міндеттерін орындауы мүмкін болмаған төтенше және ырық бермес жағдайлардың нәтижесінде мүмкін болмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

84. Тараптардың кез келгенінің Сақтандыру шарты бойынша міндеттерін толықтай немесе ішінара орындау мүмкін болмаған жағдай басталған кезде міндеттерді орындау ондай жағдайлар әрекет ететін уақытқа сай кері шегеріледі.

85. Егер форс-мажор жағдайлары 3 (үш) айдан артық мерзімге созылатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Сақтандыру шарты бойынша міндеттерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда тараптардың ешқайсысы екінші тараптан сақтандыру шартын бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

86. Сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындау мүмкін болмаған тарап жиырма күндік мерзім ішінде басқа тарапқа міндеттерін орындауға кедерге келтіретін жағдайлардың басталғаны немесе аяқталғаны туралы хабарлауы тиіс.

### **15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

87. Сақтандыру субъектілерінің арасында Сақтандыру шартын орындау бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

### **16. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

88. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

89. Сақтандырушы осы Ереженің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін қосымша шарттардан тұратын сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.

90. Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда, егер ол Сақтандыру шартында тікелей ескертілмеген болса, Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

91. Осы Ережемен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.